



10-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

КИНО ӨНЕРІНЕ КІРІСПЕ

Баяндау формасы (жалғасы)





Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Баяндау формасы (жалғасы)
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Негізгі идеялар:

1. Хикаятты хронологиялық жолмен түсіндіруге болады.
2. Хикаятты хронологиялық уақыт түсінігін өзгерте отырып та әңгімелеуге болады.
3. Киногерлер хикаятты сюжеттен қалыптастырса, көрермендер керісінше сюжеттен хикаятты құрайды.
4. Хикаят хронологиялық тәртіпке сай орналасқан оқиғалар тізбегі. Бірақ хикаятты әртүрлі жолмен де көрсетуге болады.
5. Кейіпкерлер оқиғаларды тудырып, оларға жауап қайтару арқылы фильмнің баяндау формасында себеп ретінде рөл атқарады.

Фильмдер:

Режиссер Альфред Хичкоктың фильмі «North by Northwest»

Хикаятты әңгімелеу

Баяндауды орын алған оқиғаларды анықтап, оларды себеп-салдар, уақыт пен кеңістікпен байланыстыру арқылы түсінеміз. Сонымен қатар фильмнен орын алып жатқан әрекеттердің мәнін ашатын параллельдерді іздейміз. Бірақ мұнда осы қарапайым есепке қарағанда баяндау үдерісі әлдеқайда көп. Мұны тереңірек түсіну үшін киногер сияқты ойланып көрейік.

КӨРКЕМДІК ШЕШІМДЕР

Хикаятты қалай әңгімелеп бересіз?

Қолыңызда бір хикаят бар делік. Мысалы, бұл махаббат дастанының өрбуін көрсететін романтикалық комедия делік. Алдыңызда мынадай қиындық туындайды: Оны қалай әңгімелейсіз?

Мысалы, хикаятты ғашықтардың кездесуінен бастауға тиіссіз бе? Осы сәттен бастап олардың ғашық болуы, айырылысып кетуі, басқа адамдарды жолықтыруы, бір-бірін қайта кездестіруі және ақыр соңында ерлі-зайыптылар ретінде қосылуын көрсету арқылы іс-әрекетті хронологиялық тәртіпке сай түзе аласыз. Дегенмен басқа таңдауды да қарастыра аласыз. Айталық, хронологияны бұзып, фильмді жұптың үйлену тойы болатын күнінен бастадыңыз делік. Содан кейін олардың қалай кездескенін көрсету арқылы хикаяттың басына оралып, махаббат хикаясын шарықтау және құлдырау кезеңдерінен түзе аласыз.

Алайда сахналардың орындарын ауыстыру үшін неге осы жерде тоқтадыңыз? Неліктен үйлену тойы өтетін күннен бастап, алғаш кездескен сәтке, содан кейін некелесу мезетіне, артынша сезім отының қалай тұтанғанына, ақыр соңында қайтадан үйлену тойына оралмасқа? Үйлену тойына қатысты өткен сәт бейнеленген ұзақ кадрдың орнына үйлену сәтін үзіп отыратын бірнеше қысқа эпизодты көрсете аласыз.

Сонда келесі сұрақты қоя аласыз: Махаббат естеліктері хронологиялық тізімдік тәртіпке сай ұсынылуы тиіс деп кім айтты? Егер фильмде алғаш кездескен сәтті хронологиялық тәртіпке бағынбай, кейінірек көрсететін болсаңыз, қызығушылық, белгісіздік, таңырқау сезімдері мен эмоционалдық тартымдылықты әлдеқайда көбірек тудыра алатын шығарсыз. Бәлкім, дәл үйлену тойының алдында, немесе содан кейін олар айырылысып кеткен болар? Бір оқиға екіншісіне себеп болғанына қарамастан, 1-2-3 ретін сақтаудың қажеті жоқ.

Уақыт кезеңдерін алмастыру жайлы ойланған тұста қайта үзіліс жасай аласыз. Фильмді үйлену тойынан емес, жұп басынан өткерген «ең күңгірт сәттен» – ешқашан қайта қосылмайтын сияқты болып көрінетін эпизодтан бастаған анағұрлым қызық болмай ма? Содан кейін, ертеректегі бақытты күндерге қайта оралу арқылы белгісіздікті арттыруға болады. Олар қайта бірге болады ма? Бұл үйлену тойын жалпы экшнді қалыптастыратын үлкен оқиғадан гөрі эпизодтың бір түріне айналдырады.

Әрбір таңдау жаңа таңдауларды тудырады. Егер естеліктерді жиі тастап кететін болсаңыз көрермендер бағдардан айырылып қалады деп алаңдауыңыз мүмкін. Сол себепті сахнаның уақыты мен орынын айқындайтын қабаттастыра жазылған атауларды қосуға болады.

Уақыт құрылымы сіз бетпе-бет келетін хикаятты баяндау үшін жасайтын таңдауларыңыздың бірі ғана. Егер біз суреттеген романтикалық комедияны түсіруді жоспарласаңыз, әңгімені кімнің тұрғысынан баяндар едіңіз? Құбылыстарды бір кейіпкердің тұрғысынан қарап, өрбіп жатқан экшнның тек оған ғана мәлім тұстарын көрсету арқылы шектей аласыз. Режиссер Марк Уэббтің «Махаббаттың 500 күні» атты фильмі жұмбақ әйел Саммырға ғашық адам Том мен біздің арамызда тығыз байланыс орнатады.



Бұған балама ретінде сіз, жұптың екеуін де жеке-жеке жалғыз немесе басқа достарымен бірге болған кездерін көрсету арқылы кең таралған шарттарды ұстана аласыз. Ата-аналар, әріптестер және тағы басқа адамдармен түсірілген сахналарды араластыра аласыз. Бұл көрерменді негізгі қарым-қатынасты әлдеқайда кең контексте көруге шақырар еді.

Хикаятты әңгімелеудің ракурс жайлы шешімдері нарация яғни баянсөз деп аталатын дүниеге қатысты болады. Таңдаудың қай тұсымен бетпе-бет келгеніңізге қарамастан, бұл нұсқалар көрермендерге қалай әсер ететіндігі жайлы ойлануыңыз қажет. Көріп отырғанымыздай хикаяттың ретсіз көрсетілуі қызығушылық пен белгісіздік сезімдерін тудыруы мүмкін. Бізді бір кейіпкердің білетінімен шектеу таңқалу сезімін күшейте түсуі мүмкін, өйткені біз жаңа ақпаратты тек оған белгілі болған кезде ғана білеміз.

Біздің романтикалық комедия соншалықты соны емес, бірақ ең басты мәселе киногерлер баяндау формасын жоспарлаған кезде таңдаулармен қалай бетпе-бет келетінін көрсетуде. Бұл таңдаулар уақыт құрылымы, баяндау мен біз қарастыратын басқа да мүмкіндіктерді қамтиды.

Сюжет және хикаят

Гипотетикалық фильмімізде бірінші кездесуден бастап, үйленуге дейін ұласқан махаббатты хикаят деп атайтын боламыз. Хикаят хронологиялық тәртіпке сай орналасқан оқиғалар тізбегі. Бірақ көріп отырғанымыздай, хикаятты әртүрлі жолмен көрсетуге болады. Хронологиялық уақыттың орнына өткенге оралуды яғни флешбэктерді қолданатын болсақ немесе оқиғаларды бір кейіпкердің орнына екіншісінің төңірегінде құрамыз деген шешім қабылдайтын болсақ, немесе таныстыру үшін басқаша таңдау жасайтын болсақ әртүрлі сюжетті қалыптастырамыз. Жаңа ғана куә болғанымыздай, тура сол хикаят әр түрлі жолмен көрсетілуі, әр түрлі сюжет яғни оқиғалар тізбегі ретінде ұсынылып, әрбір нұсқаның көрермендерге тигізетін эффектісі әркелкі болуы мүмкін.

Көрермен ретінде бізге тек киногерлер таңдаған соңғы сюжет қана тікелей қол жетімді болады. Не десек те, ақыр соңында негізгі хикаятты түсінеміз. Киногерлер хикаятты сюжеттен қалыптастырса, көрермендер керісінше сюжеттен хикаятты құрайды.

Көрермендер мұны қалай жасайды? Бұл көрсетілген сюжет жайлы болжамдар құру мен пайым жасау арқылы іске асады. Мысалы, Алфред Хичкоктың «Солтүстік Батыстан Солтүстікке» атты фильмінің басында Манхэттендегі қарбалас мезетке түскенімізді білеміз. Оның белгілері айқын көзге түсіп тұр: Көк тіреген қабатты үйлер, шуылдаған жаяу жүргіншілер, шамадан тыс кептеліс. Содан кейін Роджер Торнхиллдің жедел сатыдан хатшысы Мэггитмен бірге шығып, ескертпелер жаздырып, вестибюль арқылы өтіп бара жатқанын көреміз.

Осы кездің өзінде кейбір қорытындылар жасай аламыз. Торнхилл қарбалас өмір жетегінде жүрген жұмысбасты адам. Уақыт аралығында тізбектелген оқиғалардың тура ортасына түскендіктен, екеуін көргенге дейін де Торнхилл тура осылай Мэггиге ескертпелерді жаздырды деп болжаймыз. Сонымен қатар ескертпелерді жаздыру жедел сатыға кірмес бұрын кеңседе басталды деп те топшылаймыз. Басқа сөзбен айтқанда, осы ақпараттың ешқайсысы тікелей көрсетілмегеніне қарамастан себептер, уақыт секансы және басқа да тұстар жайлы болжал жасаймыз.

Осы жерде «North by Northwest» (К северу через северо-запад) атты фильмнің бастапқы сахнасы көрсетіледі.

Басқаша айтқанда, бұл ақпараттың бірде-біреуі тікелей ұсынылмаса да, біз себеп-салдарларды, уақыт секансын және басқа да алаңдарды аңдаймыз, түсінеміз.

Бұл аңдамаларды қалай іске асыратынымызды білмейтін болармыз, бірақ оларды нені көріп, нені естігенімізді түсіне отырып жасаймыз. Киногер бізді аңдауымыз үшін бағыттайды.

Осылайша сюжет көрерменге барлық тиісті оқиғалардың, атап айтқанда олардың анық көрсетілген және аңдаулы түрлерінің аңғарылуына нұсқау болады. Мысал ретінде келтірген «Солтүстік-Батыстан Солтүстікке» атты фильмде хикаят кем дегенде екі көрсетілген оқиғадан және екі болжалды оқиғадан құралады.

Себеп пен салдар

Егер баяндау себеп-салдар қатынасынан туындаған өзгерістерге тәуелді болса, қандай заттар себеп ретінде қызмет етеді? Көбіне кейіпкерлер. Кейіпкерлер оқиғаларды тудырып, оларға жауап қайтару



Кітап: Кино өнеріне кіріспе
Дәріс: Баяндау формасы (жалғасы)
Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

арқылы фильмнің баяндау формасында себеп ретінде рөл атқарады.

Себеп ретіндегі кейіпкерлер

Көбіне кейіпкер санатына адамдар немесе кем дегенде Багс Банни әлде Ж.Г., яғни жат ғаламшарлық яки «Сұлу мен Құбыжық» атты фильмдегі ән айтатын шәйнек кейіпіндегі адам сияқты тіршілік иелері кіреді. Осы жердегі мақсаттарымызды орындау үшін «Роджер және мен» атты фильмдегі Майкл Мур «Солтүстік-Батыстан Солтүстікке» атты фильміндегі Роджер Торнхиллден кем емес, дегенмен Мур нақты адам, ал Торнхилл ойдан шығарылған кейіпкер. Кез келген баяндаушы фильмде, қойылымды немесе деректі фильмдерде, кейіпкерлер себептері қалыптастырып, тіркелу эффектілерді жазып алып отырады. Олар фильмнің жалпы формасының аясында оқиғалардың орын алуына түрткі болып, жағдайларға жауап қайтарады. Олардың әрекеттері мен реакциялары фильмге деген қызығушылығымызды арттыруға едәуір үлес қосады.

Әдетте фильм кейіпкерлері роман кейіпкерлерінен көрінетін денелерінің болуымен ерекшеленеді. Мұндай негізгі шартты тиісті деп қабылдаймыз, алайда онымен келіспеуге де болады. Кейде кейіпкер «Үш әйелге арналған хат» атты фильміндегідей, өзінің үш күндесіне хат жолдап, фильмді баяндаған әйелдің дауысы ғана болады. Люис Бунюэльдің «Құштарлықтың түсініксіз нысаны» атты фильмінде бір әйелді екі актриса сомдағаны бұдан бетер дүрліктіреді. Бұл екеуінің арасындағы физикалық айырмашылықтар әйел мінезінің әртүрлі тұстарын меңзеуі мүмкін. Тодд Хейнс осы инновацияны дәстүрлі ән орындаушысын жасы, жынысы және нәсілі әртүрлі актерлер сомдаған «Мен онда емеспін» атты фильмінде одан әрі дамыта түседі.

Дене бітімімен қатар кейіпкердің өзіне тән мінез-құлық ерекшеліктері де бар: Өмірге көзқарасы, дағдылар, әдеттер, талғамы, психологиялық қажеттіліктері мен оны ерекше ете түсетін өзге де қасиеттер. Микки Маус сияқты кейбір кейіпкерлердің тек бірнеше ғана мінез ерекшеліктері бар. Кейіпкер мінезінің бір-біріне қарама-қайшы келетін бірқатар әртүрлі ерекшелігі бар деген кезімізде оны күрделі, үшөлшемді немесе жақсы жетілген деп айтуға бейім келеміз. Мысалы, Шерлок Холмстың мінезінің ерекше тұстары көп. Олардың кейбірі Шерлоктың музыкаға сүйіспеншілігі немесе кокаинге құмарлығы сияқты әдеттерінен туындаса, өзгелері оның шынайы табиғатын–тәкәппарлығы, алғыр ойы, ақымақтықты суқаны сүймеуі, кәсіби абыройы мен тұрақсыз сыпайылығын көрсетеді.

Қосымша ресурстар:

1. Ellis, Jack C. (1995). A History of Film. 4th Edition. Boston, London, Toronto, Sydney, Tokyo & Singapore: Allyn and Bacon.
2. Nowell-Smith, Geoffrey (1999). The Oxford History of World Cinema. Oxford University Press.
3. Pechter, William S. (1971). Twenty-four Times a Second: Films and Film-makers. New York. Evaston & London: Harper & Row Publishers.
4. Pirie, David (Ed.) (1981). Anatomy of the Movies. Inside the Film Industry: The Money, the Power, the People, the Craft, the Movies. New York: Macmillan Publishing Co., Inc.
5. Robinson, David (1974). The History of World Cinema. New York: Stein and Day Publishers.